

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - Б.10-11

ҚАРАҚҰЙРЫҚТЫҢ (GAZELLA SUBGUTTUROSA) БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТАРАЛУЫ

*Қозықанқызы Ж., 1 курс магистранты
Буршақбаева Л.М., PhD., аға оқытушы*

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қарақұйрық (лат. *Gazella subgutturosa*) - Қызыл кітапқа енген аша тұяқтылар отрядының қуысмүйізділер тұқымдасының киіктер (газель) туысына жататын жануар. Жануардың құйрығының ұшындағы бір топ шашақты қылшығының денесінен өзгеше қара түсті болуынан аталмыш атқа ие болған. Дене тұрқының ұзындығы 101-126 см, шоқтығының биіктігі 59-79 см құрайды. Текелерінің салмағы 22-34 кг, ал ешкілерінің салмағы 20-33 кг.

Қарақұйрық 70-тен астам шөптесін өсімдіктердің түрі және бұталармен қоректенеді. Күйлеу уақыты қараша-желтоқсан айларында өтсе, ешкілерінің буаздық мерзімі шамамен 5,5-6 айға дейін созылады. Басқа жабайы жануарлар сияқты табиғатта қарақұйрықтардың өлім-жітімі жиі кездеседі. Табиғатта тіршілік ету ұзақтығы 7 жас, ал питомниктерде 10 жасқа дейін[1].

Қарақұйрықтар мекен ету ареалдары бойынша 4 түршеге бөлінеді: *G. subgutturosa subgutturosa* — Парсы қарақұйрығы, *G. subgutturosa gracilicornis* — Түркімен қарақұйрығы, Түркіменстан, Қазақстан мен Тәжікістан жерін мекен етеді. *G. subgutturosa marica* — Араб түбегінде мекен ететін түрше, *G. subgutturosa yarkandensis* — Монғолия түршесі, Монғолия жері мен Қытайдың солтүстік-батысында кең таралған [2].

Қазақстан территориясының шөлді және шөлейтті жерлерінде түркімен қарақұйрығы таралған. Кең байтақ даламыздың Каспий теңізі мен Зайсан қазаншұңқырына дейінгі аралықты бір кездері 200 мыңнан астам қарақұйрық мекен еткен.

Арал теңізінің құрғауы басқа көптеген жабайы аңдарға сияқты қарақұйрықтардың да санына айтарлықтай кері әсерін тигізді. Оған қоса, қарақұйрықтардың сапалы еті мен бағалы терісі үшін шектен тыс көп мөлшерде аулануы жануарлар санының күрт төмендеуіне әкеліп соқты [3].

Қазіргі кезде қарақұйрықтың аздаған топтары Үстірт, Барсакелмес табиғи қорықтарында, «Алтын-Емел», «Шарын» ұлттық табиғи саябақтарында, Ақтау-Бозашы, Балқаш маңы, Қарақия-Қаракөл, Андасай табиғи қорықшаларында, Кендірлі-Қаясан және Жусандала табиғи қорықтық белдемдерінде қорғауға алынған. Аталмыш жануар әлемдік табиғатты қорғау

ұйымының шешімімен қызыл кітапқа сирек кездесетін және жойылу қаупі бар жануар ретінде тіркелген.

Соңғы жылдары жануарлардың 90%-ға жуық саны жойылып кеткені белгілі болып отыр. Қарақұйрықтардың санын сақтап қалу, қорғау мәселесінде «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің алатын орны ерекше. Жануарлардың тіршілік етулеріне парктің табиғи жағдайларының қолайлы болуына байланысты, бұл аймақ ондаған жылдар бойғы қарақұйрықтардың қыстау орындары болып табылады. Жыл сайын ұлттық табиғи парк территориясында жануарлардың санын көбейтуге бағытталған қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Жануарлардың күзгі-көктемгі миграциясын бақылау, сандық динамикасының өзгеруін анықтауда «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі қызметкерлерінің атқарған еңбектері зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Kingswood, S., D. Blank. 1996. *Gazella subgutturosa*. Mammalian Species, 518: 1-10. Accessed April 01, 2009 at <http://www.jstor.org/stable/3504241?seq=4>
2. Амиров З. Г., Саидов А.С. Состояние популяции джейрана (*Gazella subgutturosa* Güld.,1780) в Таджикистане. Териофауна России и сопредельных территорий. – Мат-лы междунар. сов. (1-4 февраля 2011 г., М., с. 20-21).
3. Бекенов А.В., Современное состояние и перспективы изучения фауны Казахстана// Современные проблемы экологии ЦК: Материалы респуб. научн.-практ.конф., посвященной 25-летию КарГУ им. Е.А.Букетова. – Караганда, 1996.-С.-14-19.